

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 тамыздағы N 868 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.04.30. N 495 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 сәуірдегі N 314 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың қызметкерлері штат санының лимиттерінде:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі" деген реттік нөмірі 1-жолда "штат санының лимиті" деген бағандағы "495" деген сандар "511" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі" деген реттік нөмірі 2-жолда:

"штат санының лимиті" деген бағандағы "1094" деген сандар "1050" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазынашылық комитеті" деген 1) тармақшада "148" деген сандар "138" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қаржы бақылау комитеті" деген 3) тармақшада "71" деген сандар "61" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген реттік нөмірі 7 - жолда:

"штат санының лимиті" деген бағандағы "365" деген сандар "380" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Балық шаруашылығы комитеті 23";

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген реттік нөмірі 8-жолда:

"штат санының лимиті" деген бағандағы "457" деген сандар "414" деген сандармен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Темір жол көлігі комитеті 44";

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі" деген

реттік нөмірі 12 - жолда :

"штат санының лимиті" деген бағандағы "325" деген сандар "335" деген сандармен ауыстырылсын;

"Құрылыс істері жөніндегі комитет" деген 1) тармақшада "50" деген сандар "60" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Женева қаласындағы (Швейцария Конфедерациясы) өкілі" деген абзацта "1" деген сан "5" деген санмен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" деген реттік нөмірі 13-жолда "157" деген сандар "158" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 157" деген реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі 66" ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктердің, агенттіктердің және ведомстволардың аумақтық органдарының қызметкерлері штат санының лимиттерінде :

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген реттік нөмірі 4 - жолда :

"штат санының лимиті" деген бағандағы "5682" деген сандар "5635" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының Балық шаруашылығы комитеті 47";

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру жөніндегі комитеті" деген реттік нөмірі 5-жолдағы 2) тармақша алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі 290" деген реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

7 1) Құрылыс істері жөніндегі комитет 112

2) Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет 178";

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 423" деген реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі 113".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енетін 1-тармақтың 1) тармақшасының екінші абзацынан басқа, 2003 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК